



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Астана қаласы

№

город Астана

№ 395-НҚ от 18.08.2025

«Қазтелерадио» акционерлік қоғамының 2024 жылғы жылдық қаржылық есептілігін, 2024 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін, жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, бір жай акциясына шаққандағы дивидендтердің мөлшерін бекіту туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56-бабының 2-тармағына, тәуелсіз «Finex-Standart» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аудиторлық есебіне, «Қазтелерадио» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 2025 жылғы 4 тамыздағы №04 хаттамалық шешіміне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2025 жылғы «13» тамыздағы №КГИП-02-КГ/8589 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Қазтелерадио» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 118 ғимарат, банктік және өзге де деректемелері: БСН 000540002083, БСК: HSBKKZKX, ЖСК: KZ476010131000079901, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, КБЕ 16, 2024 жылғы жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның 2024 жылғы таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі айқындалсын:

таза табыстың 70% құрайтын 174 141 400,62 (жүз жетпіс төрт миллион жүз қырық бір мың төрт жүз) теңге 62 тиын мөлшеріндегі сома республикалық бюджеттің кірісіне дивидендтер төлеуге бағытталсын;

таза табыстың 30% құрайтын 74 632 028,84 (жетпіс төрт миллион алты жүз отыз екі мың жиырма сегіз) теңге 84 тиын мөлшеріндегі сома Қоғамның инвестициялық қызметі қаржыландыру үшін қалдырылсын.

3. Бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 2,98 (екі) теңге 98 тиын болып айқындалсын.

4. Қоғамның Басқарма төрағасы Р.Ә. Нұрдәулет:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның мемлекеттік акциялар пакеті бойынша дивидендтердің аударылуын қамтамасыз етсін;

2) жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде электрондық есепті қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында Қоғамның 2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін жарияласын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

**Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрдің міндетін атқарушы**



А. Құрманова